



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B05102–Биотехнология

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Ғылыми - зерттеу, жоба ұйымдары, микробиологиялық және фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындары үшін мамандардың сапасына қойылатын артып келе жатқан талаптарды қанағаттандыратын, ғылыми-қолданбалы және білім беру қызметі саласында кәсіби, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттілікке ие кәсіби биотехнолог-мамандарды даярлау.

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- ферменттерді, вирустарды, микроорганизмдерді, жануарлар мен өсімдіктердің жасушалық дақылдарын, олардың биосинтезі мен биотрансформациясы өнімдерін зерттеу, алу және қолдану;
- Жаңа өнім түрлерін алу технологияларын құру;
- заңнамалық және ұлттық нормативтік және халықаралық актілерді сақтауға әйкес биотехнологиялық үдерістер мен өндірістерді іске асыру;
- аралық өнімдердің және дайын өнімнің шикізат сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;
- Биотехнологиялық бейіндегі білім беру мекемелерімен тымақтастық.

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелерін тұжырымдайды; органдар жүйесінің жұмысын, нормативтік құқықтық актілерді сыни талдайды, этикалық және құқықтық нормаларды бағалайды.

**ОН2** - Әлеуметтік - философиялық және әлемдік-тарихи даму заңдылықтарын қорытындылайды және әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде Гуманитарлық, әлеуметтік және экономикалық ғылымдар білімін пайдаланады; адам өмірі мен қоғам қажеттілігінің мәдени өлшемінің құрамдас бөлігі ретінде өнердің функционалдық қатынастарын талдайды.

**ОН3** - қоғамның қажеттілігін ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, ғылыми-өндірістік және білім беру ортасында кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін біледі; ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың қағидаттары мен заңдылықтарын және мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсінеді.

**ОН4** - кәсіби қызмет жүйесінде кәсіпкерлік негіздерін, ғылыми-өндірістік және білім беру ортасында биотехнологиялық қызметті ұйымдастыру тәсілдерін меңгерген

**ОН5** - биотехнологиялық зерттеулер контекстінде мәселелерді ретімен және сауатты шешеді, экологиялық проблемаларды анықтайды; өз ойын өз және шет тілдерінде тұжырымдайды және жеткізеді, ғылыми және арнайы мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін қазақ (орыс), шет тілдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгерген,

**ОН6** - негізгі химиялық заңдылықтарды, заңдылықтар мен теорияларды сипаттайды және жіктейді, биотехнологиялық процестерде пайдалану үшін заманауи химиялық технологияларды біледі.

**ОН7** - негізгі биологиялық пәндер саласындағы білімдерді мен дағдыларды биотехнологиялық бейіндегі пәндерді оқуда қолдану және практикада қолдану мақсатында пайдаланады.

**ОН8** - өндірістің әр түрлі салаларындағы биотехнологиялық мәселелерді шешуге бағытталған іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық әзірлемелерді қорытындылайды.